



№72
(2243)
Сенбі
24 тамыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



ТАҒАР АЖ- ҚАЗАЛЫ

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ СЕССИЯДА ӨТЕ ЖАҚСЫ БАҒАЛАНДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті XXVI сессиясы өтті. Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліштің төрағалығымен өткен сессияға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен дербес бөлім басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды.

1. Қазалы ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындауы жөніндегі есебі;

2. Аудандық мәслихаттың «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология, табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі комиссияның есебі;

Сонымен қатар ағымдағы мәселелер қаралды.

Сессияда күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ағымдағы жылдың 6 айында атқарылған жұмыстар жайлы баяндама жасады.

– Құрметті депутаттар!

Сессияға қатысушылар!

Өздеріңіздің қолдауларыңызбен ауданда ауқымды жұмыстар атқарылып, мақсатты жобалар жүзеге асырылуда.

Ағымдағы жылдың 6 ай қортындысымен барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп өндірісі 8,0 пайызға (13,8 млрд. теңге), өңдеу өнеркәсібі 7,6 пайызға (12,3 млрд. теңге), ауыл шаруашылығы 13,1 пайызға (4,4 млрд. теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі 25,3 пайызға (4 млрд. теңге), тұрғын үй 4 пайызға (21233 мың ш.м.), сауда 3,1 пайызға (5,9 млрд. теңге), негізгі капиталға тартылған инвестиция 13,6 пайызға артты (6,9 млрд. теңге).

Кәсіпкерлікті қолдауға соңғы 2 жылда 10,2 млрд теңге тартылып, 1291 жоба қаржыландырылды, оның 9 млрд. 497 млн. теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты.

Аудан кәсіпкерлеріне сауда айналымын және өндіріс түрлерін ашу мен дамыту

мақсатында 2024 жылдың 6 айында қаржы ұйымдары тарапынан 153 жобаға 2,4 млрд. теңге несие және грант қаражаты берілді.

Ауыл шаруашылығы саласына соңғы 2 жылда көлемі 108,6 млн. теңгеден астам инвестиция тартылды.

2024 жылдың 6 айында саладағы негізгі капиталға 264,4 млн. теңге инвестиция салынды.

Егін шаруашылығы бойынша үстіміздегі жылы 17017 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды.

Елдің әл-ауқатын арттырудың тағы да бір өлшемшарты – инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымын дамыту.

Ауданда соңғы 3 жылда 44 тұрғын үй табысталап, осылайша 88 отбасының баспана мәселесі шешілді.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына 1,8 млрд. теңге қаралып, жеке салушылардан дайын 150 пәтер сатып алынып, жыл қортындысымен пайдалануға берілуі жоспарлануда.

Аудандық маңызы бар автомобиль жолының ұзындығы 406,2 шақырым құрайды. Жақсы жағдайдағы жолдың үлесі соңғы 2 жылда 85 пайыздан (2022 ж.) 88,2 пайызға жетті (2023 ж.).

2. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында Қожабақы аулының электр желілерін қайта жаңғырту жұмысын бастауға 50,0 млн. теңге бөлінді. Жобаның жалпы құны 453,0 млн. теңге.

Бүгінгі күні ауданның газдандыру көрсеткіші 65 пайызды құрайды.

Биыл 2,2 млрд. теңгеге елді мекендерді газдандыру бойынша 3 жоба жүзеге асырылуда.

1. 2023 жылдан өтпелі Абай аулының орамшілік газ желісі жұмыстарының 90 пайызы атқарылды. Жоба құны 343,1 млн. теңге. 2024 жылға бөлінген қаржысы 306,4 млн. теңге. Абай аулындағы газдандыру жұмыстарын тамыз айында толық аяқтау жоспарлануда.

2. Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Ү.Түктібаев ауылдарына газ құбыры жүргізіледі. Жоба құны 1562,5 млн. теңге. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

3. Ақтан батыр аулына орамшілік газ тартуға 325,9 млн. теңге бөлінді. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары басталып кетті.

Осылайша елді мекендерді газбен қамту көрсеткішін 68 пайызға жеткіземіз.

Көгілдір отынға қосылған елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың бу қазандықтарын табиғи газға бейімдеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеміз.

Әлеуметтік салада да ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулынан 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде (Жоба құны 3,1 млрд. теңге).

2024 жылы 1,7 млрд. теңге бөлінді.

Білім ордасының құрылысы биыл қазан айында аяқталады.

Сонымен қатар, аталған жоба аясында биыл Әйтекеби кенті мен Қазалы қаласының аралығынан жоспарланған 600 орындық мектептің құрылысы басталады. 2024 жылға 729 млн. теңге қаржы бөлінеді.

Биылғы жылы аудан орталығында орналасқан 11 білім беру ұйымына (9 мектеп, 2 балабақша) талапқа сай бейнекамера орнатуға 72 млн. теңге қаржы бөлінді.

Сондай-ақ, 10 мектепке құны 86,2 млн. теңгеге жабдықталған кабинет сатып алынатын болады.

Сонымен бірге, Әйтекеби кентіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектеп ғимаратының қасбетін қаптауға 32 млн. теңге және Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей ауласына ойын алаңын салуға 26 млн. теңге бөлініп, қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

2024 жылы аудандық көпбейінді орталық аурухана ғимаратына жапсарлас 46 төсектік қосымша құрылыстың жоба-сметалық құжаттары дайындалып (МРТ бөлімі, кардиология және консульт орталығы), мемлекеттік сараптамадан қортынды алу үшін облыстық құрылыс басқармасына тапсырылды.

Сондай-ақ, аймақ басшысының қолдауымен құны 1,7 млрд. теңгені құрайтын «Руханият»

орталығының құрылысы басталды. Бұл ғимарат ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасатын болады.

Биыл құрылыс жұмыстарын бастауға 876,7 млн. теңге бөлінді.

2024 жылы аудан бюджеті 11 млрд. теңгеге бекітілді. Есепті кезеңде нақтыланған бюджет көлемі 16,9 млрд. теңгеге жетті (53% өсті).

Жыл аяғына дейін бюджетімізді 17,3 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланып отыр, яғни аудандық бюджет жыл басымен салыстырғанда 57 пайызға өседі немесе 6,3 млрд. теңгеге артады.

Бюджетте өз кірістеріміз 2,4 млрд. теңге болып бекітілген. Жыл аяғына дейін 3,5 млрд. теңгеге орындау жоспарлануда. Сонда аудандық бюджеттің өз кірістері 46 пайызға артық орындалып немесе 1,1 млрд. теңгеге артады.

Жыл басынан өз кірістеріміз 641,7 млн. теңгеге ұлғайтылып, ауданды көркейту, дамыту бағытындағы жұмыстарға бағытталуда, - деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, аудан басшысы ауданымызда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының қарқынды түрде жүргізіліп келе жатқанын айтты. Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына орай батыр бабаның кесенесіне жөндеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

Сессияда сөз сөйлеген аудандық мәслихаттың депутаттары: Әділбек Сарабеков пен Әбдуәли Рахметов аудан әкімінің жыл басынан бері атқарып келе жатқан жұмыстарына депутаттардың атынан «өте жақсы» деген баға берді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов сөз алып, аудан әкімінің атқарған жұмысына ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар, күн тәртібіне ұсынылған басқа да мәселелер жөнінде тиісті басшылар баяндама жасап, аудандық мәслихаттың депутаттарының дауысқа салуының нәтижесімен шешімдер қабылданды.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚТЫ АЗАМАТ ЕДІ

Ана бір жылдары 2016жылы болуы керек. Біз пақырдың да қолынанда жазу-сызу бірдеңе келеді деген болуы керек. Ауданда шығарылатын Қазалы ауданының энциклопедиялық кітабына редакторлық қызмет етуге сол кездегі аудан әкімінің орынбасары Арман Қаржаубаев ініміздің өтінішімен келісім бергенмін. Мен бұл жерде кітап шығарудағы атқарған қызметімді айтқалы отырған жоқпын. Сол энциклопедияға бұрын есімі елеусіз болып келген, ал еңбегі мен қызметі бас әріптермен айтылуы тиісті абыройлы да ардақты азаматтың қысқаша өмір дерегін қалай енгізгенім жөнінде аз-кем әңгімелемекпін.

Сәл шегініс жасайын. Жастық шағымда газет оқуға құмарлықтан шығар баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды үзбей оқитынмын. Сондай күндердің бірінде қазір қай жылы екені есімде жоқ, қазалылық қарымды журнаист, Одақтың Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі, бүгінде марқұм болып кеткен Байжігіт Әбдіразақовтың айтулы ұстаз Әлменбет Ілиясов жайлы жазған мақаласын оқығаным ұмытыңқырап есімде қалыпты. Содан энциклопедиялық кітапқа білім бөлімі қызметкерлері арасынан енгізілетін есімдерді саралап, Әлменбет ағаның фамилиясын шырақ алып іздемеймін бе? Жоқ. Содан Қазалы ауданының тарихы мен тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен білімі, экономикасы, өнеркәсіп, ауыл мен мал шаруашылығы, тағы басқа салалары сараланған «Тамыры терең, тарихы кенен-Қазалы» атты кітап беттеріне көз жүгіртейін. Аталған кітапта білім саласына ерекше еңбек сіңірген «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген мұғалімі» атағына ие және соған теңестірілген ұзын саныадамның қос қолының саусақтарының санынан аспайтын адамдар суретімен айрықша орынға орналастырылған екен. Олардың арасында мен іздеген Әлменбет Ілиясов ағамыз жоқ болып шықты. «Апырмай, ол кісі еңбек сіңірген мұғалім атағына ие деп естіп едім ғой. Айтушыдан ба, әлде есіткен менен бір қателік болды-ау», -деп дағдардым. Неде болса нақтылығына көз жеткізейін деп амалсыз Қазалы қаласында тұратын Әлменбет ағамыздың үлкен ұлы, менен бір-екі жас кіші болса да сыйласатын інім Қуандықты шақыруға тура келді.

Жоқ, мен қателеспеппін. Қуандықтың қолында құжаты бар. Мен ойлағандай ардагер ұстаз ағамыз «Қазақ ССР-інің

еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» болып шықты.

Енді айтулы ұстаздың өмірбаян жолдарына аз-кем тоқталып өтейін.

Халық құрметіне бөленіп, шәкірттер сүйіктісіне айналған абзал азамат, Соғыс және еңбек ардагері Әлменбет Ілиясов 1925 жылы Қазалыда дүниеге келген. Үлкендердің айтуынша жастайынан зерек, білімге құштар болыпты. Қағылез денелі қаршадай бозбаладан ата-анасы мен туыстары да үміт күтіпті. Айтқандай-ақ бозбала жігіт талаптанып, Қазалы қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Зеректігі, білімге құштарлығы шығар училищенің оқу бағдарламаларын жетік меңгеріп, оқу орнын үздік бағамен бітіреді. Онымен қоса Қызылорда облыстық білім басқармасының педагогикалық курсын толық аяқтайды.

Соғыс кезі. Елде педагогикалық мамандар тапшы. Ел күйзелісте. Соғыстың ауыртпалығы қарттар мен әйелдердің, балалардың мойынында. Осындай кезеңде 1942 жылы Әлменбет Ілиясов «Екпінді» колхозындағы мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Мұғалім атанғанымен көбіне шәкірттерімен бірге егіс даласында майдангерлерге азық-түлік дайындау ісінің басы -қасында жүреді. Оқушыларын шыдамды болуға үндеп, соғыс салған қасіреттің мәнін айқындап түсіндіреді. Қарттардың да көңілін аулап, әйелдердің жүздеріндегі кірбіңді сейілту үшін бар жылы сөзін арнайды. Майданнан келген үрейлі хабарларды ауылдастарына жеткізерде колхоз басшыларының ілкімді мінезді, зерделі жас ұстазбен ақылдасатынын қайтерсің. Қолдан келгенінше ағаларына жәрдемші болудан аяңған емес.

Келер 1943 жылы 18 жасар әдепті жас ұстаз өзі де күтіп жүргеніндей Отанын қорғауға шақырылды. 1-ші Беларусь майданының №47 армиясының жауынгерлерінің қатарынан орын алды. Ауылда жүргенде қару ұстамақ түгілі біреудің көңілін қалдырарлық сөз айтып көрмеген биязы жас жігіт ақылы жетпес, саралап болмас отжалынның ортасында жауға қарсы күресу үшін амалсыз жүрексіне қолына қару алды. Оны айтасың сауатты, орыс тілін білетіндігі себеп болып 1944 жылдың сәуірінде кіші командирлер даярлайтын курсқа жіберілді. Оны бітірген соң қыркүйек айында №47 армияның құрамындағы атқыштар взводының командирі болып жаумен шайқасқа қайта араласады. Қазан айының бірінде кескілескен ұрыста ауыр жараланып, №1680-ші госпитальда ұзақ емделіп,

бақытына орай көрер жарық дүниесі бар екен, соғысқа жарамсыз болып, ата-анасының жалғыз ұлы аман-сау елге оралады.

Жаралы жауынгер туған жерге оралған соң алдымен білімін жетілдіруді басты мақсат етті. Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педогогикалық институттың физика –математика факультетіне оқуға түсті. Ынталы жас жауынгер мамандығын жетік меңгерді. Диплом алған соң өзі еңбек жолын бастаған мектепке мұғалім болып келді. Оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметіне жоғарылады. Ұстаздық жолын басқа мектептерде де жалғастырды. «Коммунизм» колхозындағы, «Бозкөл» совхозындағы мектептерде абыройлы қызмет атқарған Әлменбет Ілиясов аға соңғы жылдары Қазалы қаласындағы №17 орта мектепте шәкірттерін математика, физика пәндеріне баулып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Кейін аудандық білім бөлімі басшыларының ұсынысымен әдіскер болып қызмет атқарып, өзінің сабақ берудегі бай тәжірибесін әріптестерінің бойына дарытуда жүйелі жұмыстар жүргізген.

Ардақты ұстаздың шәкірт тәрбиелеудегі жанкешті еңбегі кезінде лайықты бағаланды. Атап айтсақ, 1961 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен, 1963 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, 1960 жылы «Қазақ ССР халық-ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісімен, 1963 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» құрметті атағын иеленген.

Соғыс және еңбек ардагері Әлменбет Ілиясов аға ардақты ұстаз болумен қатар зайыбы, Батыр ана Нәбираш екеуі алты ұл, төрт қыз тәрбиелеген. Оларға өзі ісімен өнеге көрсеткен үлгілі ата-ана. Балалары әкесін ерекше ардақ тұтады. Әрдайым сағынышпен еске алады. Үлкен ұлы Қуандықтың әке туралы естеліктеріне көз жүгіртсеңіз ұстаз әке болмыс бітіміне қаныға түсесіз.

-Әкем –менің идеалым. Әкем білімді, мәдениетті, интеллигент, универсал, нағыз энциклопедия, өте сауатты, сыпайы, сабырлы, мінезі кең жан еді. Кітапты көп оқитын, оған еліктеп бізде кітап оқуды үйрендік. Үйдің бір қабырғасын түгел кітап алып тұрушы еді. Әкем суретті жақсы салатын. Көркем жазуы (каллиграфиясы) қандай еді?! Домбыра тартатын, мондалинде өте шебер ойнайтын. Мектептің кештері әкемізсіз өтпейтін. Кешкі дастархан басында кей күндері әкеміздің сүйемелдеуімен анамыз ән салушы еді, көптеген әндерді сол кезде үйрендік.

Бір күні әкем ксилофон (соқпалы ағаш аспап) әкелді, бірінші рет көріп тұрсақ та бірден домбыраға қосылып ойнап көрсетті. Ол кісі осындай өнерге жақын болатын. Әкеміздің өнегесінің арқасында балаларының барлығы түрлі музыкалық аспаптарда еркін ойнайды.

Өмірімде жақсы адамдарға жолықтым. Сол кезде ауданда республикаға еңбегі сіңген мектеп мұғалімі сегіз болса, соның үшеуі: Мықтыбай Жанұзақов, Хадиша Қожақова, Әлменбет Ілиясов Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы №17 орта мектептегі ұстаздарымыз еді.

Жоғары класта оқып жүргенімде әкемнің денсаулығы сыр беріп, ескі соғыстағы жарақаты тағы бар, аяғын сылтып басып қолына таяқ ұстады. Қабағының үстіндегі қаракөк бұршақтай ісіңкі болып білінетін, сүйек пен тері арасына тұрып қалған оқты көз тамырына зақым етіп алуымыз мүмкін, -деп дәрігерлердің операция жасамағаныда есімде.

Бірінші курстың бірінші семестрін жақсы бағаларға тапсырып, жоғары стипендияға ілігіп, алғашқы демалысыма ауылға келгенімде, әкем риза болып, басымнан сипап еді. Бұл менің әкеммен соңғы кездесуіміз екенін қайдан білейін.

Сұрапыл соғыс жылдарының зардабы шығар, асыл әкем 1971 жылдың 31 наурызында, 46 жасында мына Фәни жалғаннан бақилыққа ертерек аттанып кете барды, -деп әке туралы естелігін аяқтапты үлкен ұлы Қуандық Әлменбетұлы.

Иә, мақаламыздың басын білім саласына өлшеусіз еңбек сіңірген, ардагер ұстаз, майдангер Әлменбет Ілиясов ағамыздың есімінің көп жерде елеусіз аталмай қалғанынан бастап едік. Осыған орай ол ұстаздық еткен №17 қазақ орта мектебінің ұжымы қарт ұстаздың өмірін зерттеп, оқушылар арасында насихаттаса құба-құп болар еді. Одан ешкімнің ұтылмасы анық.

Атап айтар жағдай. Қазалы ауданындағы Республикаға еңбек сіңірген мектеп мұғалімдерінің бірсыпырасына көше аттары беріліп, құрмет көрсетілгенінің куәсі халық. Сондықтан соғыс және еңбек ардагері Әлменбет Ілиясовта қандай құрметке де лайық азамат. Осыған биліктегілердің назарына аударып отырған жәйіміз бар. Егер ардақты ұстазға Қазалы қаласынан көше аты беріліп жатса оны білетіндердің және шәкірттерінің баршасы қуана құптары анық. Оған бек сенімдіміз.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық

мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шарасын қатаңдату Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде баса айтты. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен күреске бүкіл қоғамның белсене атсалысып, жемқорлық жағдайларына жалпыға ортақ төзбеушілік қоғамын қалыптастыру

маңызды екенін жеткізді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салала-

рында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Әліби ӘБИБЕВ,
Әйтеке би кентінің әкімі

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Біздің халқымыз ер-азаматты шаңырақ иесі десе, әйел-ананы отбасының алтын қазығы деп бағалаған. «Халық айтса қалт айтпайды» дегендей, ерлі-зайыпты адамдарға арнап айтылған осы бір тамаша теңеу ғасырдың тереңінен толғанып, өмірдің бай тәжірибесінен шыққан болса керек.

Бұрын «әйел теңдігі» ұғымы мәселе болса, бүгінгі күні ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласып, мемлекет басшысының қолдауымен осы гендерлік теңдік аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң қабылданды. Бұған қоса Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы істері және демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді. Жоғарыда айтылғандай, біздің елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін 2009 жылы екі заң қабылданды. Оның бірі-«Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсанындағы №223-ІҮ Заңы болса, екіншісі-«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы №214-ІҮ Заңы. Жалпы, гендер-ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры деген ұғымды білдіреді.

Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазіргі дүниеде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету

үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтың негіздерін іздеу қажеттігі туып отыр.

Осындай жағдайда гендер мәселесін дәстүрлі дүниетаным шеңберінде қарастырудың мәні зор. Өйткені жыныстардың қоғамдық рөлі туралы процестер мен стереотиптер ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге кеткен түсініктер негізінде қалыптасады. Бұл түсініктер қоғам дамуының ұзақ тарихы бойында дамып отырады және оның әртүрлі қырлары болады: тарихи, экономикалық, саяси, психологиялық және діни.

Қазіргі әлем бейнесіне әйел факторы белсенді кірісіп, қазіргі өркениет негіздерін қайта қарауды талап етуде. Қазақстанның Еуропа мен Азияның ортасындағы географиялық – саяси жағдайына байланысты осы екі жақтың да ықпалына басқа Орталық Азия елдерінен гөрі қаттырақ ұшырайтыны анық. Осындай жағдайда өзіндігінді, өзгешелігінді сақтау үшін де, көптеген мәселелерге, соның ішінде, гендер мәселесіне байланысты қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесін, еркек пен әйелдің қоғамдағы орны мен рөлі туралы түсініктер жүйесінің эволюциясын, гендерлік қатынастарға қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып зерттеу қажет.

Дегенмен егемен Қазақстанның тәуелсіз қыздары әлемдік деңгейде дамып, өркениеттік мәдениеттен тиесілі өз орындарын тауып, саясатты да, бизнесті де, ғылымды да жан-жақты меңгеріп, қоғамның барлық саласына ер азаматтардан қалыспай, белгілі дәрежеде ірі қайраткерлер есебінде қызметтер атқаруда,

табиғатынан сергек, сезімтал қазаққыздары көпізденушіліктің нәтижесінде тез меңгергендей.

Осындай күрделі заманда қазақ қыздары өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, табиғи нәзіктіктерін, ибалылықтарын сақтай отырып, адам іс-әрекеттерінің барлық түрлеріне араласып жетістікке жетсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Гендерлік саясат - әйелдер мен еркектердің өмірдің барлық салаларында тең болуын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік іс шаралар кешенін білдіреді.

Әйелдерді саясатқа, үкіметтік билік органдарына, экономикаға, бизнеске қатыстыру, ана мен бала денсаулығын қорғау, сонымен қатар отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұру. Әйелдер қолы тимеген сала жоқ десек артық айтқандық емес.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады. Бүгінгі күні әйелдер қоғамымыздың барлық салаларында да, белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да, аналық құқығын гүлдендіре отырып, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуда.

Руслан АБАЕВ,
Қазалы аудандық сотының жетекші маманы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫСЫП, ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

Аграрлық сектордың дамуына болжам жасау және ауыл шаруашылығы саласының қазіргі шынайы жағдайы туралы толыққанды ақпарат алу үшін 2024 жылғы 20 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында аймағымызда Пилоттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Санақ Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданының Асқар Тоқмағамбетов және Қазалы ауданының Ғ.Мұратбаев ауылдық округтерінде жүреді.

Ауыл шаруашылығы санағына шаруа қожалықтары, ауыл шаруашылығымен айналысатын үй шаруашылықтары, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер қатыса алады. Санақ барысында жер және егіс алқаптары, төрт-түлік, үй құстарының саны, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымына қатысты деректер назарға алынады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен үй шаруашылықтары сауалнамадан «sanaq.gov.kz» сайтында өз бетінше өте алады. Сондай-ақ Ұлттық статистика бюросының қызметкерлері үй-үйді аралап сұрау жүргізеді.

Пилоттық ауыл шаруашылығы санағы кезінде қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда 1446 нөміріне сағат 09:00-ден 18:30 дейін тегін немесе телеграмдағы statgovkz_bot ботына хабарласуға болады.

**Қазалы ауданының
Статистика бөлімі**

«АДАЛ АЗАМАТ - АДАЛ ЕҢБЕК» МЕРЕКЕЛІК ШАРАСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҒЫРАМЫЗ!

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 2013 жылғы 22 қарашадағы №698 Жарлығымен қыркүйек айының соңғы жексенбісінде атап өтілетін Еңбек күнін мерекелеу шеңберінде облыста салтанатты шара өткізілетінін хабарлайды.

Шара аясында еңбек адамдары мен өндіріс озаттарын марапаттау жоспарлануда.

Конкурс-қоғамда еңбек адамы туралы жақсы пікір қалыптастыру, жастардың еңбекке құрметпен қарауын, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеуді көздейді.

Еңбек адамдарын іріктеу Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері жанындағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссия (бұдан әрі-өңірлік үшжақты комиссия) отырысында айқындалып, қорытындысы облыстық деңгейдегі үшжақты комиссияның түбегейлі іріктеуіне ұсынылады.

Іріктеуге мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда,

кәсіпорындармен мекемелердің, шаруа қожалықтардың қызметкерлері (басшылық құрам, яғни басшы және оның орынбасарлары, бөлім немесе сектор) басшысынан басқасы қатыса алады.

Іріктеу барысында ауыл шаруашылығы және табиғатты қорғау, өнеркәсіп және құрылыс, көлік және инфрақұрылым, энергетика және электрофикация секілді негізгі салаларда жұмыс істейтін қатардағы қызметкерлерге басымдық беріледі.

Еңбек күніне орай мадақталатын еңбек адамдары мен өндіріс жұмыскерлерін іріктеу критерийлері:

- 1) Еңбек өтілі кемінде 15 жыл болуы;
- 2) өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға қосқан үлесі;
- 3) өз жұмысына қатысты адалдық;
- 4) ұйымдастырушылық және коммуникативтік қасиеттерінің болуы;
- 5) еңбегі үшін бірнеше рет көтермелеудің болуы (дипломдар, грамоталар, алғыстар);
- 6) б а с т а м а ш ы л ы қ

ұсыныстардың болуы (жұмыс үрдісіне енгізілген идеялары);

7) кәсіби қызметтен тыс шығармашылық мүдделердің болуы;

8) білім деңгейі, оны арттыруға деген ұмтылыс;

9) жұмыс орнындағы жеке жетістіктері;

10) өз жұмысын орындау сапасы;

Үміткерлер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалды ұсынады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) еңбек өтілін растайтын құжат;
- 4) еңбек жолы туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, тағы басқа) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Point форматында);
- 5) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат;
- 6) мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);

Іріктеуді өткізу мерзімдері;

1) 1-ші қыркүйекке дейін – құжаттар жинақтау;

2) 15-қыркүйекке дейін – Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері жанындағы үшжақты комиссиялардың хаттамаларын және іріктеуден өткен тұлғалардың құжаттарын Басқармаға жіберу;

3) 20-қыркүйекке дейін – Басқармамен өңірлік үшжақты комиссиялармен айқындалған азаматтар арасында іріктеу жүргізу және Облыстық үшжақты отырысында мақұлданады;

4) қыркүйек-қазан – қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.

Салтанатты шарада мадақталатын азаматтарға тиісті диплом және ақшалай сертификаттар беріледі.

Толық мағлұмат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 23-2-62 байланыс номеріне хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ЖІГІТТІҢ ЖАҚСЫСЫ – НАҒАШЫДАН

Тарихының тамырын тереңнен тартқан қазақ халқы көп сөзді көпіртпей, аз сөзге үлкен мән, терең астар сыйғыза білгені екі бастан мәлім.


«Қымыздың жақсысы саба-сынан,

Киіз үйдің жақсысы ағашынан,

Жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген үш ауыз сөзде сартап дала, жусанды қырды мекен еткен Алаш ұрпағына өнеге боларлық тәрбие мен тағылым тұнып тұр ғой, расы.

Жүрегі өз елім, өзегім деп соққан Мұстафа Өзтүріктің нағашы атасы әйгілі балуан Қайысбай екені белгілі. Қайысбай нағашысына тартқан Мұстафаның да қайыспас қара нардай болуы нағашыларынан дарыған мықтылық екені даусыз деп білеміз.

Алаштың ардақтысы, тұлғаның салмақтысы ретінде тарих парақтарында аты алтын әріптермен қатталған Әлихан Бөкейханның анасы Бегім ханым екені мәлім. Күллі қазақ қай-раткер, айбатты ер деп бағалаған Әлиханның бойы-



ына да тектілік дәні анасының сүтімен дарығаны даусыз ғой. Енді ше, түп нағашысы Мамай батыр болса өзі де маңайына қорқауларды жинамаса керекті.

Арғы-бергі тарих парақтарын ақтара берсең, мықтылардың нағашылары да осалдан еместігін сезіну, түсіну қиын емес секілді. Қайратты ана Қалампырдың тар құрсағын жарып шыққан Балуан Шолақ та қарулы қолымен айналасындағыларды там-

сандырды емес пе? Сол тарихи деректер Қалампырдың заты әйел болғанымен қолының қуаты талай ерді он орап алатындай болғанын алға тартады. Соған қарағанда Балуан Шолақ анасына тартқан болып тұр ғой.

Адамзат ақыл-ойының алыбына телінген Абайдың нағашылары да текті әулет екені белгілі. Ендеше, тегін түгендеп көрсек. Қазақтың бас ақынының нағашылары да, қайын жұрты да Қаз дауысты Қазыбек бидің

ұрпақтары екені тарихта жазулы тұр. Ақыннан туған Әбіштің нағашылары да сол қаракесектер екені мәлім. Осыған қарап-ақ, қазақтың «тектіден қыз ал» деген сөзі еріксіз еске орала береді екен.

Әдетте, ауыл-аймақта баласы бәйгеде топ жармаса «нағашысына тартқан ғой» деп кейде өзілге, кейде шынға айналдырып қағыта сөйлеп жататындар әлі де кездесіп жатады. Ал өткен тарихқа зер салсақ, талай тұлпар мініп, ту ұстаған тарландардың нағашылары осалдан болмағанын байқаймыз.

Тектілік пен мықтылықтың барлығы да бала бойына ана сүтімен даритынын қаперде ұстасақ, «нағашысына тартқан ғой» деген сарказмды санадан сылып алып тастауымыз керек.

Расында да «алып анадан туады». Оған ешқандай дау жоқ. Сондықтан да кісілікті бойына дарытқан әрбір адам кішілікті ұмытпай, анасының жұртына, нағашысына бас игені абзал шығар.

**«ҚАЗАЛЫ ҢНТЫМАҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.